

## "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 31 қазандағы № 352 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 қарашада № 2883 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 16.05.2016 № 136 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1 "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі

Б.Оспанов

Б.Жылқышиев

С.Қаныбеков

Е.Садыр

А.Мырзахметов

*C.Тұяқбаев  
A.Абдуллаев  
Р.Исаева*

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
2014 жылғы "31" қазандығы  
№ 352 қаулысына қосымша

## **"Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз өкілеттіктері шегінде Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы табиғи ресурстарды мемлекеттік басқару және табиғат пайдалануды реттеу, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру функцияларын орындауда басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінде ведомстволар жок.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызыметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс әкімдігінің қаулыларына және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан

облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада бедгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қаратая ауданы, Нұрсөт тұрғын үй алабы, Астана даңғылы, 10-құрылыш, пошталық индексі 160023.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 18.03.2016 № 72 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын, орман, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және теңгерімді пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) қоршаған ортаны қорғау, орман және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аймақтар желілерін дамыту жөніндегі облыстық бағдарламаларды әзірлеу және оларға әкімшілік ету;

2) облыстық бюджеттік бағдарламалар аясында қалдықтарды жою және орналастыру бойынша нысандар құрылышын жүргізу қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру;

3) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысу;

4) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумағында орман пайдалануды реттеу;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өнірлік іс-шараларды әзірлеу және олардың іске асырылуын қамтамасыз ету.

## 16. Функциялары:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындылары негізінде өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыштар мен өзге де объектілерді салуға немесе реконструкциялауға тыйым салу немесе рұқсат беру;

3) өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

4) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға әмиссияларға рұқсаттар беру, оларда қоршаған ортаға әмиссияларға лимиттер белгілеу;

5) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тындау ұйымдастыру;

6) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау

саласындағы уәкілетті органның қарауына беру;

7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және занды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тарту;

8) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;

9) қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

10) облыстық бюджеттік бағдарламалар аясында қалдықтарды жою және орналастыру бойынша нысандар құрылышын жүргізу ді қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру;

11) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

12) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асыру және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлеу;

13) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдауға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

14) облыс аумағында тұрган табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асыру;

15) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асыру;

16) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс ету;

17) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу;

18) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шаралары жоспарларын келісу;

19) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу ді ұйымдастыру;

20) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

21) мемлекеттік орман қоры аумағында ормандары өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

22) жеке және занды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандары өрттерді сөндіруге

тарту тәртібін айқындау, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру ерт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өртке қарсы ерікті қуралымдардың жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

24) орманда өрт қаупі болатын маусымда мемлекеттік орман қоры аумағында өрттерді сөндіру үшін жанар-жағар май материалдарының резервін жасау;

25) шаруа және фермер қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз ету;

26) өртке қарсы насиҳатты, бұқаралық ақпарат қуралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастыру;

27) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құру;

28) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

29) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

30) уәкілетті органға беру үшін өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар әзірлеу;

31) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры участекерінде аяқталған объектілерді және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдау;

32) мемлекеттік орман қоры участекерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшемелерін (сүректі түбірімен босату үшін мөлшемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлеу;

33) уәкілетті органның және жергілікті өкілді органның қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры участекерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастыру және өткізу;

34) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қорының участекелерінде орманды пайдалану құқығын, ормандардың жай-күйі мен өндірісі үшін қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

35) орман пайдаланушыларға орман ресурстарын сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда, аңшылық шаруашылығы қажеттіліктері, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген қарауындағы мемлекеттік орман қорының жерлерінде құрылыс объектілеріне участекелер беру және осы участекелерді осындай объектілерді салу үшін пайдалануға рұқсаттар беру;

36) мемлекеттік орман қорының участекелеріндегі ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

37) "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарауындағы бағынысты мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру;

38) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участекелерінің тізбесін бекітуді жүзеге асыруға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

39) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участекелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер жобасын өзірлеу;

40) жануарларға ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участекелерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

41) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

41-1) аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстың жергілікті атқарушы органдарының шешімі негізінде конкурс женімпазымен аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасасу;

42) бір облыстың аумағында орналасқан, жергілікті, халықаралық және респубикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

42-1) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участекелерін бекітіп беру туралы облыстың жергілікті атқарушы органдарының шешімі негізінде

конкурс жеңімпазымен балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасасу;

42-2) біліктілік талаптарына сәйкес келген, шарттық міндеттемелері орындалған жағдайда, бекітіп беру мерзімі өткен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участекерін олар бұрын бекітіп берілген адамдардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмesten қайта бекітіп беру туралы облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыныс енгізу;

42-3) уәкілетті органның ұсынуы бойынша екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан су айдындарының балық шаруашылығы участекерін қайта бекітіп беру туралы облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыныс енгізу;

43) сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ жасанды көбейту бойынша қызметті ұйымдастыру;

44) аңшылық алқаптардың резервтік қорында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участекерінде қорғауды ұйымдастыру;

45) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участекерін паспорттауды жүргізу;

46) рекреациялық балық аулау аймағын белгілеуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

47) балық шаруашылығы участекерінің шекаларын белгілеу, ұйықтарды (ұйықтық участекерді) ашу және жабуға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

48) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат беру;

49) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсынystardы уәкілетті органға енгізу;

50) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді ұйымдастыру және оларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

51) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

52) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде шешімдер жобасын

әзірлеу;

53) мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы болған жағдайда жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын бейтуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

54) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлеу және бекіту, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

55) занды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

56) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысу;

57) уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және бекіту, паспорттарды уәкілетті органға тіркеуге (қайта тіркеуге) беру;

58) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерді резервте қалдыру жөнінде шешімдер жобасын әзірлеу;

59) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аймақтарды белгілеу жөнінде шешімдер жобасын әзірлеу;

60) қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

61) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекіту үшін облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

62) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын облыстық өкілді органға бекітуге ұсыну;

63) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөнінде келісу;

64) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.01.2015 № 3 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

65) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.01.2015 № 3 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

66) су қорын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

67) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілдегі органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру;

68) өз құзіреті шегінде бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеуді қамтамасыз етуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

69) өз құзіреті шегінде конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беруді ұйымдастыру;

69-1) өз құзыреті шегінде жер үсті су объектілері жоқ, бірақ ауыз су сапасындағы жер асты суларының жеткілікті қорлары бар аумақта осы суларды ауызсумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға заңнамамен белгіленген тәртіппен рұқсат беру туралы облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыныс енгізу;

70) өз құзіреті шегінде бассейндік кенестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысу;

71) өз құзіреті шегінде су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, оның ішінде жерді гидромелиорациялау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

72) өз құзіреті шегінде судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындармен басқа да құрылыштарды орналастыруды және пайдалануға беруді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыш, түбін тереңдету және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын келісу;

73) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.01.2015 № 3 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

74) тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асыру;

75) тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және олар өндірушілердің тізімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім шарттық міндеттемелерді орындалуының мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

76) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, тендерге немесе аукционға шығаруға жататын жер қойнауы участеклерін бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

77) облыстың аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыруды жүзеге асыру, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізлімін қалыптастыру мен жүргізу мақсатында құзыретті органға тоқсан сайын ұсыну;

78) кең таралған пайдалы қазбалар барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурстарды дайындау және ұйымдастыру;

79) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссиялар құрамында жобасын бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

80) жер қойнауын пайдаланушымен келісім шарттардың талаптары туралы келіссөздер жүргізу және жер қойнауын бірлесе отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарын дайындау;

81) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған, елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына арналған кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

82) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлауымен өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісім шарттардың тіркелуін және сақталуын қамтамасыз ету;

83) Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңының 37 бабына сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге арналған рұқсат беру жобасын дайындау, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салу жөніндегі мәмілелерді тіркеу;

84) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыштарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат беру жобасын дайындау;

85) пайдалы қазбалар жатқан аландарда құрылыш салуға, сондай-ақ олар

жатқан орындарда жерасты құрылыштарын орналастыруға рұқсат беру;

86) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз ету;

87) жер қойнауын пайдаланумен байланысты, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдесу;

88) құзыретті және уәкілетті орталық атқарушы органдармен келісім бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілері мен жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған, айрықша экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар жер қойнауы участкерлік тізбелерін бекітүге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

89) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісім шарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдердің жобасын дайындау;

90) кең таралған пайдалы қазбалар және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісім шарттық міндеттемелердің орындалауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру;

91) Қазақстан Республикасының заннамасымен жүктелетін өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру;

92) болашақ құрылыш участкесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру;

93) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану үшін берілген жер қойнауының участкерлікке арналған сервитуттарды тіркеу;

94) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілген жер және су участкерлік қорғалуын, жер қойнауын пайдаланушының экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын жүзеге асыру;

95) келісімшарт жасасу кезінде өңір халқының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мұдделерінің сақталуын мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысу.

Ескерту. 16 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.01.2015 № 3; 25.11.2015 № 357; 18.03.2016 № 72 қаулыларымен (

**алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**17. Құқықтары мен міндеттері:**

Басқарманың өз өкілеттіктері шегінде:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзінің қарамағындағы бағынысты мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органының және уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзінің қарамағындағы бағынысты мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың жарғыларын әзірлеу;

3) бағдарламалардың әкімшісі, облыстық бюджет қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алу жөнінен ұйымдастырушы және тапсырыс беруші болуға, шарттар жасасуға және олардың орындалуына бақылау жасау;

4) өз өкілеттіктері шегінде қоршаған ортаны, су қорын қорғау, ормандарды күзету, қорғау, молықтыру, ормандар мен жануарлар әлемін пайдалану саласындағы облыстық бюджеттік бағдарламалар бойынша түзілген келісім шарттар аясында атқарылып жатқан барлық жұмыс түрлері мен іс-шараларға тексеру жүргізу;

5) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен жеке тұлғалардан басқарма қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұратып алу;

6) ведомстволық бағыныстағы мекемелерге ішкі бақылау жасау;

7) жеке және занды тұлғалардан табиғи ресурстарды пайдаланудың белгіленген ережелерін, нормалары мен шектеулерін сақтауды өз өкілеттігі шегінде талап ету.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

**18. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасын" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.**

**19. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысын**

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Басқарманың жұмысын үйымдастыру, оның және "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзінің қарамағындағы бағынысты мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың қызметіне басшылық жасау;

2) басқарма қызметкерлерін, "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі қарамағындағы бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың директорларын қызметке тағайындау және қызметтен босату;

3) заңнамалармен, осы Ережемен, облыс әкімі мен әкімдігімен жүктелген қызметтерді жүзеге асыру.

"Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

23. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

27. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық қесіпорындар тізбесі

1) "Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" мемлекеттік мекемесі;

2) "Отыrap орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" мемлекеттік мекемесі;

3) "Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" мемлекеттік мекемесі;

4) "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" мемлекеттік мекемесі;

5) "Жасыл желең" мемлекеттік мекемесі;

6) "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық қесіпорыны;

7) Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.01.2015 № 3 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).